

Ақсуат аудандық мәслихатының "Ақсуат ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің , оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 8/4–VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Абай облысы Ақсуат ауданы мәслихатының 2024 жылғы 15 шілдедегі № 18/3-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 шілдеде № 305-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Ақсуат ауданы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 24/11-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Ақсуат ауданы мәслихатының 25.12.2024 № 24/11-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ақсуат аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақсуат аудандық мәслихатының "Ақсуат ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 8/4-VIII шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 191-18 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақсуат ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

6-тармақтың 3) тармақшасының 6-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының

ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 70 000 (жетпіс мың) теңге мөлшерінде;";

7-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ж. Оразғалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Абай облысы жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламаларды үйлестіру
басқармасының басшысы

_____ А. Нұрлыбек

2024 жылғы " ____ " _____